

А.А. Есекеева^{1*}, А.Е. Жатқанбаева², С. Әділғазы³

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты, Қазақстан, Астана қ.

³Нархоз университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: ainash.akim@gmail.com

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

Бала құқығын қорғау мен олардың қауіпсіздігі – мемлекеттің әлеуметтік саясатының басым бағыттарының бірі. Биылғы жылы Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Ұлттық қордан балаларға қаржы төлеу туралы заңға қол қойды. 2024 жылы 1 қаңтарда Қазақстанда «Ұлттық қор – балаларға» жобасы іске қосылады. Қазақстанның жарқын болашағы ел тағдырына бейжай қарамайтын, нағыз отаншыл, ниеттес, мүдделес ұрпақтың қолында болса, сапалы адам капиталын қалыптастыру биліктің бүгінгі қолында.

Мемлекет тарапынан еліміздің жарқын болашағының кепілі – балалар, жас жеткіншектердің болашағына, олардың сапалы білім алуына, денсаулығын нығайтуға және отбасылық және адамгершілік-рухани құндылықтарды қалыптастыруға үнемі қолдау білдіріп келеді. Мемлекет басшысы бала құқықтарына қатысты мәселелерді кезек күттірмей, шешімін табуды, бала құқықтарына қатысты заңдардың дереу күшіне енгенін талап етеді. Президент өз сөзінде, «Біз бала құқықтарын қорғау жөніндегі ауқымды мәселелерді шешуге тиіспіз. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, балалар арасындағы суицид пен буллингтің алдын алу үшін мемлекеттік бақылауды күшейтіп, тиімді тетіктерді қарастыруымыз керек» деп тапсырма берді (<https://egemen.kz/article/261356-qasym-zhomart-toqae-v-balalar-arasyndaghy-suitsid-pen-bullingtinh-aldyn-alu-qadge>). Мақалада бала құқықтары институтының мәні, орны мен рөлін анықтау үшін маңызды мәселелердің кең ауқымы зерттелді және де бала құқықтарын құқықтық реттеудің ерекшеліктері талданды.

Түйін сөздер: бала құқықтары жөніндегі уәкіл, баланың құқықтары мен міндеттері, жетім балалар, әлеуметтік жетім, адам құқықтары жөніндегі уәкіл, отбасы.

A.A. Yessekeyeva^{1*}, A.A. Zhatkanbayeva², S. Adilgazi³

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²Constitutional Court of the Republic of Kazakhstan, Kazakhstan, Astana

³Narhoz University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: ainash.akim@gmail.com

Legal status of the committee for child rights in the Republic of Kazakhstan

The protection of children's rights and their safety is one of the priorities of the State's social policy. This year, President Kassym-Jomart Kemelovich signed a law on the payment of funds to children from the National Fund. On January 1, 2024, the National Fund for Children project will be launched in Kazakhstan. While the bright future of Kazakhstan is in the hands of a generation that is not indifferent to the fate of the country, truly patriotic, purposeful, interested, the formation of a high-quality human capital is in the hands of the authorities.

The state constantly supports the future of children and adolescents, their high-quality education, health promotion and the formation of family and moral and spiritual values – the key to a bright future for our country. The Head of State demands urgent resolution of issues related to the rights of the child, the immediate entry into force of laws related to the rights of the child. In his speech, the President noted that «we must solve large-scale issues of protecting the rights of the child. We must strengthen state control and consider effective mechanisms to ensure the safety of children, prevent suicide and bullying among children» (<https://egemen.kz/article/261356-qasym-zhomart-toqae-v-balalar-arasyndaghy-suitsid-pen-bullingtinh-aldyn-alu-qadge>). The year 2022 has been declared the year of children, the rights of the child are widely promoted, measures for their rights have been implemented in each region of the republic, and a lot of work has been done.

Key words: the Commissioner for the Rights of the Child, the rights and duties of the child, orphans, social orphans, the Commissioner for Human Rights, the family.

А.А. Есекеева^{1*}, А.Е. Жатқанбаева², С. Адилгазы³

¹Қазақстан Республикасының ұлт-қанағаты университетінің атындағы университеті, Алматы, Қазақстан

²Конституциялық Сотының Республикасының Қазақстан, Алматы, Қазақстан

³Университетінің Нархозы, Алматы, Қазақстан

*e-mail: ainash.akim@gmail.com

Правовой статус уполномоченного по правам ребенка в Республике Казахстан

Защита прав детей и их безопасность – одно из приоритетных направлений социальной политики государства. В этом году Президент Касым-Жомарт Кемелович подписал закон о выделении средств детям из Национального фонда. 1 января 2024 года в Казахстане запущен проект «Национальный фонд – Детям». В то время как светлое будущее Казахстана находится в руках поколения, равнодушного к судьбе страны, истинно патриотичного, целеустремленного, заинтересованного, формирование качественного человеческого капитала находится в руках власти.

Государство постоянно поддерживает будущее детей, подростков, их качественное образование, укрепление здоровья и формирование семейных и нравственно – духовных ценностей-залог светлого будущего нашей страны. Глава государства требует безотлагательного решения вопросов, касающихся прав ребенка, немедленного вступления в силу законов, касающихся прав ребенка. В своем выступлении Президент отметил, что «мы должны решать масштабные вопросы по защите прав ребенка. Мы должны усилить государственный контроль и рассмотреть эффективные механизмы для обеспечения безопасности детей, предотвращения самоубийств и буллинга среди детей» (<https://egemen.kz/article/261356-qasym-zhomart-toqayev-balalar-arasyndaghy-suitsid-pen-bullinginh-aldyn-alu-qadge>).

2022 год объявлен годом детей, широко пропагандируются права ребенка, реализованы мероприятия по их правам в каждом регионе республики, проделана большая работа.

Ключевые слова: уполномоченный по правам ребенка, права и обязанности ребенка, дети-сироты, социальные сироты, уполномоченный по правам человека, семья.

Кіріспе

Қазақстан Республикасында балалардың құқықтары мен мүддесін қорғау конституциялық нормалар мен халықаралық міндеттемелерге сәйкес жүзеге асырылады. Елімізде Бала құқықтары туралы Конвенция алғаш рет ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысымен ратификацияланды (Жомарт, 2023: 284).

Өкінішке орай, елде бала құқықтары жөніндегі уәкіл лауазымы енгізілгеніне қарамастан, балалар омбудсмені туралы идеялар әлі де шектеулі. Шынымды айтсам, қазақстандықтар үшін Омбудсмен сөзі әлі екіұшты. Біздің отандастарымыз омбудсменнің не істейтіні туралы әлі де жеткілікті білмейді. Омбудсмен сөзі алғаш рет 150 жыл бұрын Еуропада, соның ішінде Швейцария мен Финляндияда пайда болды. Ол бастапқыда Мемлекеттік басқарудың қосымша механизмі ретінде қызмет етті, өйткені ол мемлекеттік басқару стандарттарын жетілдіру мақсатын көздеді (Қаржасова, 2015: 32).

Мақалада Бала құқықтары институтының мәнін, орны мен рөлін анықтау үшін маңызды

мәселелердің кең ауқымы зерттелген, сонымен қатар бала құқықтарын құқықтық реттеудің ерекшеліктері талданған.

Бала құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық мәртебесі Қазақстан Республикасында Заңмен реттелмеген. Бала құқықтары жөніндегі уәкіл өз ұсыныстарын барлық деңгейдегі заң шығарушы және атқарушы биліктің тиісті органдарына жіберу арқылы балалардың құқықтарын қорғау тетігінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесуге міндетті. Бұл ретте бала құқықтары жөніндегі уәкілдің конституциялық-құқықтық мәртебесі және оның атқаратын функциялары қаралды. Бала құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық мәртебесі Қазақстан Республикасында заңнамалық тұрғыда реттелмеген. Баланың құқықтары жөніндегі уәкіл барлық деңгейдегі заңнамалық және атқарушы биліктің тиісті органдарына өз ұсыныстарын жібере отырып, балалардың құқықтарын қорғау тетігінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесуге міндетті. Осы ретте, бала құқықтары жөніндегі уәкілдің конституциялық-құқықтық мәртебесі мен олардың атқаратын функциялары қарастырылды.

2002 жылы 8 тамызда «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары ту-

ралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>). Бұл заң қабылданғаннан бастап, баланың құқықтары мен мүдделеріне қатысты оған 47 рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл кезеңде Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институты енгізілгенге дейін бала әлеуметтік жеке субъект ретінде қарастырылмады және балаларды құқықтық және әлеуметтік қорғау мәселелері Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құзыретінде болатын.

БҰҰ Бала құқықтары жөніндегі комитетінің ұсынымдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен 2006 жылғы қаңтарда БҰҰ Бала құқықтары жөніндегі конвенциясының ережелерін іске асыру жөніндегі дербес уәкілетті орган, «Қазақстан Республикасы Білім Министрлігінің балалар құқықтарын қорғау комитеті», ал, 2007 жылғы тамызда республиканың барлық өңірлерінде балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі департаменттер құрылды. Ал, бала құқықтарының қорғалуын тікелей бақылауды жүзеге асыратын арнайы Бала уәкілі институты 2016 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің 10 ақпандағы № 192 Жарлығымен құрылды (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000192>). Бала құқықтары жөніндегі уәкіл кеңсесі 2016 жылдың қарашасында Астана қаласында жұмысын бастады.

Бұл институт балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін дербес нысанда қорғауға ғана бағытталуымен ерекшеленеді, оның негізгі мақсаттарына : балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдіктерін қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік және қоғамдық институттармен өзара іс-қимылда балалардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру жатады (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000942>).

Бала құқықтары жөніндегі уәкілдің міндеттері : аталған институтты нығайтуға және дамытуға бағытталған түрлі іс-шараларды ұйымдастырады, бала құқықтарына қатысты заңнаманы жетілдіру мақсатында заң шығарушы органдармен өзара іс-қимыл жасайды, оны дамыту бойынша ұсыныстар енгізеді, Бала құқықтары туралы конвенцияның ережелерін насихаттауды жүзеге асырады, балалардың құқықтары мен бостандықтарын, олардың заңды мүдделерін қорғауды, олардың бұзылған құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қалпына келтіруге жәрдемдесуді жүзеге асырады, сондай-ақ Уәкіл мемлекеттік билік органдарының бала

құқықтары туралы заңнаманың сақталуын бақылауды, БАҚ беттеріне, әлеуметтік желілерге балалық шаққа қатысты мәселелер бойынша мониторинг жүргізеді.

Материалдар мен әдістер

Қазіргі қазақстандық заң әдебиетінде аталған проблеманы С.З. Зиманов, С.С.Сартаев, М.С.Нәрікбаев, К.А. Жиренчин, С.Ж.Айдарбаев, Ж.Д. Бусурманов, Г.К. Искакова, Б.А.Жетпісбаев, М.Б. Құдайбергенов, А.Т.Ащеулов, Б. Жандарбек және т.б. көтерді. Ал, алыс-жақын шетелдердің қазіргі ғылыми әдебиеттерінде бала құқықтарына қатысты Н.В. Кравчук, Л.В.Мартынова, З.К. Шнекендорфт, Е.А. Лукашева сияқты ғалымдар еңбек сіңірді. Мақаланы жазу барысында отбасы, бала құқықтары саласын зерттеп жүрген отандық және Ресейлік, өзге де шет мемлекеттердің заңгер ғалымдарының атап айтсақ, Г.Б. Қаржасова, А.Ж. Жомарт, Ж.Ж.Давлетбаева, М.Б. Кудайбергенов, Ш.В. Саркисян, А.Нурсултанованың ғылыми еңбектері мен жазбалары қолданылды. Қолданыстағы заңнаманы, жалпы және арнайы заң әдебиеттерін зерттеу ғылыми таным әдіснамасының талаптарына қайшы келмейтін және құқық теориясында қолданылатын жеке ғылыми, жүйелі, формальды-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық зерттеу әдістердің логикасына сәйкес келетін ұсыныстарды тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Талқылаулар мен нәтижелер

Бұл институт «жетім балалар» сияқты әлеуметтік топқа ерекше көңіл бөледі, өйткені ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалардың құқығын қорғау қазіргі кезеңде мемлекет тарапынан барынша қолдауға ие. Осы орайда, атап өту керек, елімізде даму мүмкіндігі шектеулі 150 мыңнан астам бала бар. Ал, 50 мыңнан астам жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар. 18 мыңға жуық бала 12 мың қолайсыз отбасында тәрбиеленуде. Бір мың төрт жүз баланың ата-анасы ата-ана құқығынан айырылғандар. Сондай-ақ, елімізде 30 мыңнан астам әлеуметтік жетім бала бар. Олар – ата-анасы бас тартқандар, тастанды балалар немесе ата-анасы қамауда отырғандар немесе сырқатынан ұзақ емделіп жатқандар, ата-анасы хабар-ошарсыз кеткен балалар (Құдайбергенов 2018: 54).

Елімізде білім беру ұйымдарында, отбасында кез келген дене жазасына тыйым салынады. Десе де, балаларды қорғауға қатысты қабылданған нормативтік актілердің санына және осы салада мемлекеттің күш-жігеріне қарамастан, қоғамда бала құқықтарының бұзылу жағдайлары азаймай отыр. Әсіресе, отбасында баланың зорлық-зомбылыққа ұшырауы көптеп кездеседі.

2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша елімізде балалар саны 6 295 590 құрайды (www.extranet.unicef.org). Ал, 2021 жылғы Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, Қазақстанда жасы 1-14 жасты балалардың жартысынан көбі (52,7 пайыз) ата-анасы немесе үй шаруашылығының ересек мүшелерінен психологиялық немесе физикалық қысым көреді екен (оның ішінде 55,2% ұлдар мен 49,9% қыздарға кез келген зорлық-зомбылықтың жазалау әдісі қолданылған). Бұдан шығатын қорытынды, демек 3 147 245 бала отбасында ересектердің қысымына ұшыраған (https://old.stat.gov.kz/for_users/cluster/chapter7).

2022 жыл – балалар жылы болып жарияланды, бала құқықтары кеңінен насихатталып, олардың құқықтары бойынша іс-шаралар республиканың әр аймағында жүзеге асырылды, қаншама еңбек атқарылды.

Десе де, өкінішке орай, елімізде бала құқықтары жөніндегі уәкіл лауазымы енгізілгенімен, балалар омбудсмені туралы түсініктер әлі де шектеулі. Шынын айту керек, Қазақстандықтар үшін Омбудсмен – Бала уәкілін алмағанның өзінде, тіпті Адам құқықтары жөніндегі уәкіл сөзі әзірге түсініксіздеу естіледі. Біздің отандастарымыз әлі де болса Омбудсменнің немен шұғылданатыны туралы жеткілікті біле бермейді. Омбудсмен сөзі тұнғыш рет осыдан 150 жылдай уақыт бұрын Еуропада, оның ішінде Швейцариямен Финляндияда пайда болған. Алғашында ол мемлекеттік басқару стандарттарын жетілдіру мақсатын көздегендіктен мемлекеттік басқарудан қосымша механизмі қызметін атқарған (Қаржасова, 2015: 32).

Медицина ғылымында «балаларға қатыгездік синдромы» термині баланың ата-анасы немесе оларды алмастыратын адамдар тарапынан оған физикалық әсер ету шараларын жеткіліксіз қолдану нәтижесінде алынған физикалық немесе психологиялық жарақаттануды білдіреді. Қазақстанда стационарлық медициналық мекемелерге жылына орта есеппен 30 балаға дейін «қатыгез қарым-қатынас» деген ресми қорытынды келіп түседі. Жарақат салдары-

нан ауруханаға жатқызылған 25 мың баланың 60% үйден тыс жерде жарақат алғандар (www.extranet.unicef.org).

Отбасындағы зорлық-зомбылық қолайсыз отбасылардың санын көбейтіп, отбасының ажырасуына, ата-ана құқығынан айыруға, балалар арасындағы қылмыстардың көбеюіне, суицидке әкеледі. Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылықтың таралуына ықпал ететін негізгі себептер мамандарды зорлық-зомбылық мәселесі бойынша арнайы даярлаудың жеткіліксіздігі және осыған байланысты олардың өздерінің функционалдық міндеттерін нақты түсінбеуі, сондай-ақ ведомствоаралық өзара іс-қимылдың және тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге шұғыл көмек көрсету жөніндегі іс-қимыл алгоритмінің болмауы болып табылады (Саркисян, 2023: 4). «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодекстің 72-бабына сәйкес ата-ана құқықтарын жүзеге асыру кезінде ата-аналар баланың дене бітімі мен психикалық денсаулығына, оның адамгершілік жағынан дамуына зиян келтіруге құқылы емес. Баланы тәрбиелеу тәсілдері адамның қадір-қасиетін кемсітетін немқұрайлылықты, қатыгездікті, дөрекілікті, баланы қорлауды немесе қанауды болғызбауға тиіс (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518#z161>).

2020 жылғы деректерге сәйкес Қазақстанда көмелетке толмағандармен 997 неке тіркелген (https://old.stat.gov.kz/for_users/cluster/chapter7). Ал, ҚР Қылмыстық кодексінің 122 бабына сәйкес он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер 5 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазалары көзделген (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>).

Балалар арасында жүргізілген әлеуметтік сауалнама нәтижелері орташа алғанда балалардың 3,3% өздеріне қатысты тұрақты түрде қатыгез қарым-қатынас сезінетінін, 16,3% – жиі ұшырайтындығын, 66,6% – кейде қысым көретіндігін және 13,8% ғана – ешқашан зорлық-зомбылық объектісіне айналмайтынын анықтады. Зорлық-зомбылықтың жүз пайыз құрбаны «көше» балалары болып табылды. Ал, балалар үйінде тәрбиеленушілердің 28,9% тұрақты түрде қысым көріп, 63,2% кейде зорлық-зомбылыққа ұшырайды. Көмелетке толмағандарды бейімдеу орталығында балалардың 27,8% тұрақты түрде қысым көріп, 52,8% кейде зорлық-зомбылыққа ұшырайды (<http://www.ombudsman.kz/about/structura.php>).

Қазақстанда балалардың жыныстық тиіспеушілігі мәселелері баланың әл-ауқатына жауапты уәкілетті мемлекеттік органдардың және бала құқықтары жөніндегі уәкілдің ерекше бақылауында болады.

Бала құқықтары жөніндегі уәкіл жетім балалардың құқықтарын бұзуы мүмкін деп табылатын балалар үйі, интернат, сондай-ақ, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссиялар секілді мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың жұмысына тікелей тәуелсіз тексеріс жүргізеді, бала құқықтарына қатысты өз ұсыныстарын барлық деңгейдегі заң шығарушы және атқарушы биліктің тиісті органдарына жібереді.

Уәкіл өз функцияларын халықаралық деңгейде іске асыра алады. Мәселен, адам саудасының, сексуалды азғыру мен зорлық-зомбылық құрбандары болып табылатын балаларды қорғауды, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шыққан кезде олардың құқықтарын қорғауды, шетелдіктер асырап алуға берілген балаларды қорғауды жүзеге асырады. Сондай-ақ, бала құқықтарын қорғауда шұғыл мәселелер туындаған жағдайда Уәкіл жедел түрде төтенше кеңестер өткізе алады.

Былтырғы жылдан бастап еліміздің барлық аумақтарында балаларды қорғау жөніндегі уәкілдер өз қызметін бастады. Уәкіл болуға үміткерлер облыстық пен республикалық маңызы бар қала әкімдерінің шешімімен тағайындалады. Ендігі жерде, балалардың құқықтары бұзылған жағдайда олардың ата-аналары, балалар және бала құқықтары қорғаушы өзге де тұлғалар өз аймағындағы уәкілге жүгіне алады. Уәкілдің көмегімен құқық қорғау және сот органдарына жеткізбей-ақ, баланың жеке басының проблемалары, мектептегі түсініспеушілік, отбасындағы зорлық-зомбылық, денсаулыққа қатысты проблемалары [6] өз шешімін табады.

Бала құқықтары жөніндегі уәкіл бала құқықтарының бұзылуы туралы өтініштерді, жергілікті атқарушы органдардың әрекетіне қатысты шағымдарды қарайды. Сондай-ақ, Уәкіл балаларға арналған ұйымдарға тікелей араласа алады және қоғамдық негізде қызмет етеді.

Әр елдің Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институтының өзіндік ерекшеліктері бар, уәкілдердің бала құқықтарына, олардың заңды мүддесіне қатысты құқық қорғау қызметін жүзеге асыруына, Бала құқықтары туралы конвенцияның ережелерін насихаттауға, өзге

елдермен халықаралық ынтымақтастықты дамытуға негізделген әмбебап бағыттарын ерекше атауға болады.

Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің нәтижесін өзге мемлекеттермен салыстыруға келмейді. Ресей Федерациясында уәкіл институты ерте қалыптасқан және статистика көп. Бұл ретте Бала құқықтары жөніндегі уәкілдердің жұмысына қатысты бірқатар проблемаларды атап өту қажет.

Қазақстан Республикасында да, Ресей Федерациясында да, уәкілдердің қызметін реттейтін заңдар жоқ. Екі мемлекетте де бұл институт қызметінің тиімділігі осы лауазымды атқаратын тұлғалардың өз беделіне байланысты. Осы ретте, уәкілдерге тиісті заңдарды әзірлеп, қабылдау қажеттілігі туындап отыр.

Сондай-ақ, Бала құқықтары жөніндегі уәкіл мемлекеттік лауазым болып табылады және оның қызметі кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ететін өзге де мемлекеттік органдардың құзыретін өзгертуге негіз бола алмайтындығын нақтылап көрсету қажет.

Қазақстан Республикасында балалар омбудсменінің құқықтары мен өкілеттіктерін күшейте отырып, біздің ойымызша, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл иеленетін құқықтармен теңестіру қажет. Мәселен, «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл және оның облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы өкілдері өз өкілеттіктері шеңберінде мемлекеттік органдардың, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың және лауазымды адамдардың жедел қабылдауына кіру құқығын пайдаланады. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің талап етуі бойынша аталған органдар мен лауазымды адамдар Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге немесе оның өкілдеріне дереу жәрдем көрсетуге міндетті» (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000154>). Мұндай құқықтарды Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Бала құқықтары жөніндегі уәкілге беру орынды болады, себебі, бала құқықтарын қорғау ерекше сала және балаларға қатысты мәселелерді кейінге

қалдыруға болмайды, дереу түрде шешімін табуы тиіс. Заңнамалық тұрғыда норма бекітілуі тиіс.

ҚР Конституциясының 27-бабына сәйкес неке және отбасы, ана, әке және бала мемлекеттің қорғауында болады (https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029). Осы негізінде мемлекеттің заңнамалық, ұйымдастырушылық және басқа да шараларында іске асырылуы тиіс Қазақстан Республикасы Конституциясының құқықтық идеялары мен қағидаттарын одан әрі іске асыру қажет. Демек, Бала құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметін конституциялық-құқықтық реттеу, біздің ойымызша, Қазақстан Республикасының тиісті заңнамасын әзірлеу үшін де өзекті.

Қорытынды

Бала құқықтары мен оны қорғауға қатысты мәселе қай кезеңде де өткір тақырыптардың бірі болып қала береді. Құқық теориясында ішкі және халықаралық құқық арақатынасында бала құқықтары институтын кешенді қарауға қатысты зерттеулер жоқ, сондай-ақ баланың құқықтарын құқықтық реттеу институтын реформалау және тетігін жетілдіру қажеттігі осы ғылыми проблеманы одан әрі зерттеуді талап етеді.

Қорытындылай келе, бала құқықтарын қорғауға қатысты келесідей тұжырымдарды ұсынуға болады:

1. Құқық теориясында 16 жасында некесі тіркелген бала – ересек бала деп түсініледі, ал нақты некелік қатынастағы 16 жастағы бала мемлекет үшін бала болып қала береді. Біздің пікірімізше, «бала» ұғымы – бұл әлеуметтік категория, ал «кәмелетке толмағандар» – бұл құқықтық категория. Халықаралық заңнамада «бала термині әлеуметтік категория ретінде, ал біздің ұлттық заңнама құқықтық категорияны қарастырады. Жоғарыда айтылғандарға байланысты кәмелеттік жасқа толу заңда ол толық әрекет қабілеттілігінің иесі болып табылатын субъектінің мәртебесін анықтайды. Осы ретте, кәмелетке толған жасты анықтау кезінде құқықтық категорияларды басшылыққа алу қажет.

2. «Балалар омбудсмені туралы» заң қабылдау қажет. Қазақстан Республикасында балалар омбудсменінің құқықтары мен өкілеттіктерін күшейте отырып, біздің ойымызша, заңнамалық

тұрғыда, оларды Адам құқықтары жөніндегі уәкіл иеленетін құқықтармен теңестіру қажет. Балалар омбудсменінің құқықтық мәртебесін, оның қызметінің кепілдіктерін, лауазымға тағайындау және қызметтен босату тәртібін, басқа да мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, қоғамдық ұйымдармен, сондай-ақ республиканың әр аумағы субъектілеріндегі бала құқықтары жөніндегі уәкілдермен өзара іс-қимылдың принциптері мен нысандарын бекіту қажет.

3. Неке кодексінің 67 бабының 2-тармағына сәйкес, баланың ата-аналар және басқа да заңды өкілдер тарапынан жасалатын қиянаттан қорғалуға құқығы бар. Біздің ойымызша, осы норманы сақтамағаны үшін ата-ана үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында заңды жауапкершілік қарастырылмаған, бұл баланың қорғалу құқығының қорғалуына кепілдік бермейді. Екінші жағынан, баланың бұл құқықты жүзеге асыруы көбінесе баланың жасына байланысты. Жас баланың өзі мұндай құзырлы органдарға хабарласа алады деу де қисынға келмейді. Әдетте, қысым көрген балалар үлкендерден қорқып, фактілерді жасыруға тырысады. Аталған норма қайта қарастыруды талап етеді.

4. Баланың құқықтары жөніндегі уәкіл қызметін тиімді жүзеге асыруға ықпал етуі кепілдіктеріне ерекше назар аудару қажет. Мұндай кепілдіктердің ішінде мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан және олардың лауазымды адамдарынан азаматтардың өтініштері бойынша жүргізілетін тексеруге байланысты уәкілдің анықтауына жататын мән-жайлар бойынша түсініктеме алу құқығын ерекше атап көрсетуге болады. Сондай-ақ аталған органдардың осындай ақпаратты беру міндеті де кепілдік болып табылады (оны беру мерзімін заңда белгіленуі керек). Біздің ойымызша, 14 күнтізбелік күн оңтайлы мерзім болып табылады.

5. Бала құқықтары жөніндегі уәкілдің қызметіне кедергі келтіргені үшін конституциялық құқық субъектілерінің жауапкершілігі болуы тиіс, ол өз кезегінде әкімшілік-құқықтық немесе қылмыстық-құқықтық болуы мүмкін. Баланың құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық мәртебесін реттейтін заңнаманы қабылдауда Балалар омбудсменінің жауапкершілігіне қатысты жекелеген ережелерді бекітуді ұсынуға болады.

Әдебиеттер

«Қасым-Жомарт Тоқаев: Балалар арасындағы суицид пен буллингтің алдын алу қажет» <https://egemen.kz/>. <https://egemen.kz/article/261356-qasym-zhomart-toqaev-balalar-arysyndaghy-suitsid-pen-bullingtinh-aldyn-alu-qadge>. 15 Қаңтар, 2021 ж.

Г.Б. Қаржасова. «Адам құқығы жөніндегі уәкіл институты». Қазақстан Республикасы Заңнама институтының жаршысы. № 3 (39) 2015 ж. 32 б.

А.Ж. Жомарт, Ж.Ж. Давлетбаева. «Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіруде заңнамаға толықтырулар мен өзгерістер енгізу үрдісі». Proceedings of the 14th International Scientific and Practical Conference «Science and Practice: Implementation to Modern Society» (April 26-28, 2023). Manchester, United Kingdom. No 152. 284 б.

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_.

«Қазақстан Республикасында Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институтын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 10 ақпандағы № 192 Жарлығы. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000192>.

Қазақстан Республикасының Бала құқықтары туралы Конвенцияны іске асыруы туралы бесінші және алтыншы жиынтық мерзімді баяндамасы. <https://legalacts.egov.kz/application/downloadconceptfile?id=11649180>.

Кудайбергенов М.Б. Права ребенка в казахстанском и международном праве: Учебник. – Алматы: Данекер. 2018. – 483 с. – книга.

Альтернативный доклад неправительственных организаций Казахстана с комментариями к первоначальному докладу правительства Республики Казахстан о выполнении Конвенции о правах ребенка, ратифицированной Республикой Казахстан в 1994 г. от 15 февраля 2018 г. Режим доступа [//www.extranet.unicef.org](http://www.extranet.unicef.org).

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. Балаларды қорғау. Халық санағы, 2021 ж. https://old.stat.gov.kz/for_users/cluster/chapter7.

Ш.В. Саркисян, А.Нурсултанова. «Балаларға зорлық-зомбылық көрсетудің әлеуметтік-психологиялық мәселелері және оның алдын алу» оқу-әдістемелік құрал. Қостанай, 2023 ж. 46.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518#z161>.

«Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>.

Официальный сайт Уполномоченного по правам ребенка в Республике Казахстан. URL: <http://www.ombudsman.kz/about/structura.php> (дата обращения: 4.12.2023). 213

«Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 2022 жылғы 5 қарашадағы № 154-VII ҚРЗ. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000154>.

Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз (2022.19.09. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029.

References

«Kassym Zhomart Tokayev: Balalar arasyndaghy suitsid pen bullingtinh aldyn alu kazhet» <https://egemen.kz/>. <https://egemen.kz/article/261356-qasym-zhomart-toqaev-balalar-arysyndaghy-suitsid-pen-bullingtinh-aldyn-alu-qadge>. 15 Kantar, 2021 zh.

G.B. Karzhasova. «Adam kuckygy zhonindegi uakil instituty». Kazakhstan Respublikasy Zannama institutynyn zharshysy. № 3 (39) 2015 zh. 32 b.

A.Zh. Zhomart, Zh. Zh. Davletbaeva. «Balalardyn kuckyktaryn korgau salasyndaghy memlekettik saiasatty zhetildirude zannamaga tolyktyrular men ozgerister engizu urdisi». Proceedings of the 14th International Scientific and Practical Conference «Science and Practice: Implementation to Modern Society» (April 26-28, 2023). Manchester, United Kingdom. No 152. 284 b.

«Kazakhstan Respublikasyndaghy balanyn kuckyktary turaly» Kazakhstan Respublikasynyn 2002 zhylygy 8 tamyzdaghy N 345 Zany. «Adilet» Kazakhstan Respublikasy normativitik kuckyktyk aktilerini akparattyk-kuckyktyk zhuiesi. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_.

«Kazakhstan Respublikasynda Bala kuckyktary zhonindegi uakil institutyn kuru turaly» Kazakhstan Respublikasy Prezidentinin 2016 zhykygy 10 akpandaghy № 192 Zharlygy. «Adilet» Kazakhstan Respublikasy normativitik kuckyktyk aktilerini akparattyk-kuckyktyk zhuiesi. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000192>

Kazakhstan Respublikasy Bala kuckyktary turaly Konventsiany iske sayruy turaly besinshi zhane altynshy zhiyntyk merzimdi bayandamasy. <https://legalacts.egov.kz/application/downloadconceptfile?id=11649180>.

Kudaibergenov M.B. Prava rebenka v kazakhstanskom I mezhdunarodnom prave: Uchebник. – Almaty: Daneker. 2018. – 483 s. – kniga.

Alternativyyi doklad nepravitelstvennyh organizatsyy Kazhakhstan s kommentariami k pervonachalnomu dokladu pravitelstva Respubliki Kazakhstan o vipolnenii Konventsii o pravah rebenka, ratifitsirovannoi Respublikoi Kazakhtan v 1994 g. ot 15 fevralia 2018 g. Rezhim dostupa [//www.extranet.unicef.org](http://www.extranet.unicef.org).

Kazakhstan Respublikasy Strategialyq zhosparlau zhane reformalar agenttigi Ultyk statistika biurosy. Balalardy korgau. Halyk sanagy, 2021 zh. https://old.stat.gov.kz/for_users/cluster/chapter7.

Sh.V. Sarkisian, A. Nursultanova. «Balalarga zorlyk-zombylyk korsetudin aleumettik-psihologialyq maseleleri zhane onyn aldyn alu» oku-adistemelik kural. Kostanaï, 2023 zh. 4 b.

«Neke (erli-zaiyptylyk) zhane otbasy turaly» Kazakhstan Respublikasynyn 2011 zhylygy 26 zheltoksandagy № 518-IV Kodeksi. «Adilet» Kazakhstan Respublikasy normativtik kuckyktyk aktilerinin akparattyk-kuckyktyk zhuiesi. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518#z161>.

«Kazakhstan Respublikasynyn Kylmystyk kodeksi» Kazakhstan Respublikasynyn Kodeksi 2014 zhykgy 3 shildedegi № 226-V KRZ. «Adilet» Kazakhstan Respublikasy normativtik kuckyktyk aktilerinin akparattyk-kuckyktyk zhuiesi. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>.

Ofitsialni sait Upolnomochennogo po pravam rebenka v Respublike Kazakhstan. URL: <http://www.ombudsman.kz/about/struktura.php> (data obrasheniya: 4.12.2023). 213

«Kazakhstan Respublikasyndagy Adam kuckyktyary zhonindegі uakil turaly» Kazakhstan Respublikasynyn Konstitutsialyq zany 2022 zhylygy 5 karashadagy № 154-VII KRZ. «Adilet» Kazakhstan Respublikasy normativtik kuckyktyk aktilerinin akparattyk-kuckyktyk zhuiesi. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000154>.

Kazakhstan Respublikasynyn Konstitutsiasy 1995 zhylygy 30 tamyz (2022.19.09. berilgen ozgerister men tolyktyrularymen). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029.

Авторлар туралы мәлімет:

Esekeeva Ainash Akimsalovna (корреспондент автор) – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: ainash.akim@gmail.com);

Zhatkanbayeva Aizhan Yerzhanovna – Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотының судьясы (Қазақстан, Астана қ., e-mail: aizhan_2210@mail.ru);

Әділғазы Серікхан – PhD, Нархоз университетінің аға оқытушысы (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: serikhan@mail.ru)

Information about authors:

Esekeeva Ainash Akimsalovna (corresponding author) – doctoral student of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: ainash.akim@gmail.com);

Zhatkanbayeva Aizhan Yerzhanovna – judge of the Constitutional Court of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan, Astana, e-mail: aizhan_2210@mail.ru);

Adilgazy Serikkhan – PhD, Senior Lecturer of Narxoz University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: serikhan@mail.ru)

*Тіркелді: 20 қараша, 2022 ж.
Қабылданды: 20 наурыз, 2024 ж.*